

Қамқоршылық кеңес

«Жасұлан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ҚК комиссия 2-отырысының

№2 хаттамасы

29.08.2022 жыл

Қатысқандар саны: 11

Қатыспағандар саны:0

Күн тәртібі

1.1.Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру.

1.2.Қамқоршылық кеңес құрамымен балабақшада аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларды балабақшаға тегін келуін қамтамасыз ету.

1.3 Қамқоршылық кеңес мүшелерімен балабақшаға мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты тиімді пайдалану туралы жоспар құру.

1.1 Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева сөз алды. ҚК Төрайымы А.С.Хамзинаға мектепке дейінгі ұйымда қамқоршылық кеңестің өз жұмыс жоспары болу керектігін, жұмыс жоспары құрылып, оны мекеме меңгерушісінің қолымен бекітілуі керек екендігін түсіндіріп айтып өтті.

1.2 Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы А.Хамзина балабақшада әлеуметтік көмек алатын және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды балабақшаға тегін келуін қамтамасыз ету үшін әр топ ата-аналар комитетінің төрайымдарына өз топтарындағы аталған балалардың құжаттарының толық жиналып, уақытылы өткізілуін қадағалау туралы айтылды.

1.3.Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева балабақшаға мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты тиімді пайдалану туралы айтты. Атап айтсақ, балабақшаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаражатқа балалармен ұйымдастырылған оқу қызметінде қолдануға қажетті ойыншық түрлері мен балалардың физиологиясын дамытуға және спорттық іс-шараларға қажетті құрал-жабдықтар алсақ деген өз ойын айтты.

Шешім:


1.Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.

2. Әлеуметтік көмек алатын және көп балалы отбасылардың ата-аналарының құжаттары толық жиналып, уақытылы өткізілсін.

3. Балабақшаға мемлекет тарапынан бөлінген қаражатқа ойыншықтар мен қажетті құрал-жабдықтар алынсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



А.Хамзина

М.Әзімбекқызы

Қамқоршылық кеңес

«Жасұлан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорниының
ҚК комиссия 3-отырысының

№3 хаттамасы

28.12.2022 жыл

Қатысқандар саны: 10

Қатыспағандар саны: 1 себепті

Күн тәртібі

1. 2022-2023 оқу жылына балабақшаға мемлекет тарапынан бөлінген қаражаттың игерілуі туралы.
2. Қамқоршылық кеңес құрамымен жыл көлемінде балабақшада атқарылған жұмыстардың нәтижесі туралы талқылау.
1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.К.Темирбаева сөз сөйледі. 2022 жылы мемлекет тарапынан бөлінген қаражатқа маусым айында балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгені туралы мәлімет берді. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржыға балаларға қажетті ойыншық түрлері мен балалардың физиологиясын дамытуға және спорттық іс-шараларға қажетті құрал-жабдықтар сатып алынғандығы туралы есеп берді. «Жасұлан» бөбекжайында 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында 75 бала тегін тамақпен қамтылғаны жайлы айтылды.
2. Екінші мәселе бойынша ҚК төрайымы А.Хамзина жыл көлемінде балабақшада атқарылған түрлі іс-шараларға ата-аналардың қосқан үлесі зор екендігін айтып өтті.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі қанағаттандырылсын.
2. Демеушілердің қолдауымен аз қамтылған отбасылар балаларына көмек көрсету жандандырылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Хамзина

Кеңес хатшысы:



М.Әзімбекқызы